

ӘОЖ 130.2

К.Ә. Бияздықова\*, Ә.А. Мұханбет  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
\*E-mail: kenjegul1980@mail.ru

### Кісілік құндылықтардың мәдени динамикасындағы дәстүр мен жаңашылдық

**Аңдатпа.** Тарихи-мәдени өзгерістер заманындағы исламдық дәстүрдегі «кемел адам» ұғымы қазақи кісілік құндылықтар дүниетанымында «кісілік» ұстанымымен алмасты; өзгерістер заманындағы қазақ ағартушылары өз идеяларында адам мәселесін көтере отырып, бодандықтан шығу жолдарын іздеп, болашағын ойлап, қабырғасы қайысқан халқымыздың Шоқан, Ыбырай, Абай сынды асыл перзенттері ұлттық әдеп жүйесінің күрделі мәселелерін шешуге ұмтылды. Олар адамды тұлғадан гөрі кісі деп түсінуге басты назар аударды.

**Түйін сөздер:** құндылық, дәстүр, жаңашылдық, әдеп, кісілік, ұлттық, адамгершілік, тәрбие, салт-дәстүр.

Қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптық және әдептік жүйесі қазақ хандығы Ресейдің құрамына енген кезден бастап түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Қазақстандағы Ресей империясының отаршылдық саясаты халықты рухани жағынан күйзеліске ұшыратты, оның діні мен діліне, әдебіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне нұқсан келтірді. Осы кеңестік философияда кісілік мәселесіне жеткілікті назар аударылмады. Кеңестік философияның мол мүмкіндіктері мүлдем басқа мақсаттарға жұмсалды десек те қателеспейміз. Идеологияның қызметшісіне айналған философия ғылымы негізінен алғанда жалпы қоғамның, таптар мен топтардың көзқарасын қалыптастырумен айналысты да, жеке адамды мазалаған мәселелер мардымсыз, үстіртін және біржақты зерттелді. Тұлғаның өзі жалпылық сипаттағы ұрандар мен қағидалар көлеңкесінде қала берді. Шындығында, қоғамның өзі – ойлауға қабілетті, сана мен жігерге ие индивидтер жиынтығы, сондықтан да қоғам дамуының концепциясында адам қызмет субъектісі ретінде басты орын алуы қажет болды.

Яғни, сол қоғамның кемелдену саясатының жетістіктері де, қиындықтары да, сәтсіздіктері де жеке адамның бойынан көрніс табады. Сондықтан да адам проблемасын, жалпы «адам – қоғам» жүйесінде адамды маңыздылығы жағынан екінші орынға ығыстыра беретін көзқарастан арылып, оның болмысының рухани-адамгершілік кісілік негіздерін зерттеу аса маңызды және өзекті мәселеге айналып отырды.

Қазақ халқының мәдениеті – оның ұлттық тарихының өнімді өзегі, құрамдас бөлігі, маңызды саласы болмақ. Жетпіс жылдай тоталитарлық жүйеде болуымыздың салдарынан қазақ халқы біртіндеп тәуелсіздіктен айырыла бастауы этикалық санада да нышан бере бастады.

Міне, қазақ елі осындай тұйыққа тіреліп, одан қалай шығуды білмей, болашағын ойлап, қабырғасы қайысқан кезде халқымыздың Шоқан, Ыбырай, Абай сынды асыл перзенттері ұлттық әдеп жүйесінің күрделі мәселелерін шешуге ұмтылды. Қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесі сонау көшпелілер мәдениетінен нәр алады. Ол қазіргі заман талаптарына сәйкес жаңара түскенімен, бастапқы негізін сақтап келеді.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі әдептіліктің басты белгілеріне жататындары: атамекен мен туған халқына деген сүйіспеншілік, ар-ұятты қастерлеу, намыстылық, мейірімділік, ізеттілік, ата-бабалар әруағы мен ақсақалдарды сыйлау, ата-аналық парыз бен балалық қарыз, әділдік, қанағатшылдық және т.б. Басқаша айтқанда, этностың басты ұғымдары әдептіліктің, кісіліктің төңірегінде топтасты. Яки, адамның кісілік қасиеттерінің қалаптасуында оның сырт пішіні емес, ішкі дүниесінің жетілуі, тәрбиеленуі неғұрлым маңызды болып табылады.

Әдептілік пен кісілік құндылықтарды адам бойына дарыта білуде қазақ зиялыларының ішінен ойшыл-ақын Абайдың философиялық идеясы эстетикасымен тығыз өріліп жатты.

Абайда кісілік имандылықты жетілдіру – бұл этика мен эстетиканың бірлігі, ол белгілі бір эстетикалық құндылыққа ие деді. Ол үйлесімді тұтастықты іздеуді өнер, сөз, поэзия арқылы жүргізеді, тірліктің күйкілігін эстетикалық тәрбие жолымен жеңуге, шындық өмірмен байланыстағы сөз күдіретімен адамдарға әсерін тигізуге әрекет етеді деп қорытты [1, 77 б.].

Отарлық жағдайдағы дәстүрлі әдептегі өзгерістер жөнінде Абай шығармашылығында көптеген құнды пікірлер айтылған. Зерттеушілер атап өткендей, өзінің жалпы мәдени ілімінде Абай үш негізге сүйенеді. Ресей арқылы қабылданатын батыстық білім, исламның жалпы өркениеттілік қағидалары және қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесін дамыту дейді.

Өз халқын шын пейілімен сүйген Абайға жалаң ұлтшылдық, шовинизм, діни төзімсіздік жат болды. Ол өз халқын бір орында тұрып қалмауға, тұйықталмауға, рухани байлықтарын әр халықтың, соның ішінде орыс халқының жетістіктерімен байытуға шақырды. Абайдың өмірі, шығармалары терең адамгершілік мағынаға ие және ағартушылық-тәрбиелік мәні жағынан баға жетпес құнды дүние болып табылады.

Қазақтың ұлттық әдеп жүйесіндегі Ыбырай Алтынсариннің негізгі шығармаларындағы ой толғантатын мәселері, ол адам баласының бойындағы адами кісілік құндылықтарды дамытып оны болашақ ұрпаққа жеткізе білу болды. Сонымен қатар қоғамдағы халықтың арасында іріткі салып отырған, адамдарға адамгершілікті жоғары қойып, олардың жаман қылықтарына тосқауыл қоюына үлкен ықпалын тигізе отырып, адам баласына адамгершілік құндылықты бағалай білуге шақырды [2, 51 б.].

Ыбырай Алтынсаринді терең толғандырған қазақ халқының тағдыры, оның жаппай сауаттануы, қазақтарды жалпы адамзаттық құндылықтар мен прогреске қосудың жолдары туралы маңызды мәселелер көрнекті қазақ ойшылы Ш. Уәлиханов үшін де басты мәселе болды. Зұлымдықпен, әділетсіздікпен және азғындықпен күресу идеялары екі ойшылдың да философиялық көзқарастарына тән.

Қазақ ағартушыларының арасында қазақтың дәстүрлі әдебін заманның жана талаптарына сай әрі үйлесімді зерттеген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Ол өзінің «Сот реформасы жөніндегі жазбасында» қазақтың дәстүрлі әдебіне терең талдау бере келе, оны қазіргі заман талаптарына

сәйкес болды және қоғамдық ынтымақтастықты нығайтудың басты құралы болды деді [3, 69 б.]. Оның пікірінше, Ресей империясы халықтарының ішінде қазақтар жаңашылдықты қабылдауға бейім тұрады. Шоқанның айтуынша, біз жақсы деп есептейтін белгілі бір жағдайларда адам кім бола алатындығы туралы сенімді білімнің бар екендігін мойындаған кезде және адам өзі кім бола алатынымен өзі шұғылданған кезде ғана оның жаны тынышталады дейді. Сондай-ақ жеке тұлғалар мен мәдениеттердің түпкі этикалық мақсаттарының арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ деп, құндылықтарда мәдени өзгешеліктер өзара үйлесімді келеді, өйткені әрекет құндылықтары жөніндегі пікір өзі пайда болатын белгілі жағдайларды есепке алады, оның салдары – сол әрекеттің өзі жағдайлардың бір жиынтығына сәйкес келсе – дұрыс, ал жағдайлардың басқа бір жиынтығына қайшы келсе бұрыс болады деп мойындаған кезде ғана жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс, ұнамды мен ұнамсыз нәрселер жөнінде сөз етуге болады дейді.

Ш. Уәлиханов шығармаларында адам мәселесінің әлеуметтік-философиялық мәселелері көп қаралған. Сол уақыттағы қоғамда адам тұрмысының мәні мәселесін шешуде ол бақыт ұғымына баса назар аударады. Ойшыл қоғам мүддесінің өмірде жүзеге асуына ықпал етпеген адам бақытты бола алмайды деген нық сенімде болды. Бақыт мәселесіне осындай көзқарас қазақ ағартушыларының бәріне тән. Олар қоғам игілігі ең жоғары игілік деп санады. Қазақ ойшылдарының, оның ішінде Шоқан Уәлихановтың да, әлеуметтік-этикалық көзқарастарының өзегі – халықтың бақыты, сонымен бірге жеке адам бақытты. «Пайда», «игілік» ұғымдары «мүдде» ұғымымен сәйкес. Бұдан жеке адам мен қоғам мүддесі қатынастары мәселесін шешуге ұмтылу байқалады.

Жеке адамның және қоғам мақсаттары мен міндеттерінің үндесуі (халықтың пайдасы, қоғам игілігі, халық қажеті т.б.) Ш. Уәлиханов үшін жеке бастың да сондай-ақ қоғамның мүддесін де ескере отырып, жүзеге асыруды күтіп тұрған әлеуметтік-этикалық мұрат болды. Ойшыл сол кезеңдегі қазақ халқы өзінің мүддесін түсінбегеніне қатты өкінді.

Сол қоғамда жеке бас пен қоғам мақсаттары мен міндеттерінің үйлесуіне кедергі келтіріп тұрған нәрсе ағартушылықтың жетіспеуі деп санады Ш. Уәлиханов. Ол үндестік пен бірлікке

ағарту іс-шараларын жүргізу арқылы жетуге болады деп есептеді. Ойшыл білімге негізделген заңдарғана адамдар арасындағы қайшылықтарды жоюға, нағыз бақытқа жетуге және адамды жақсы қасиеттердің дамуына қажетті алғышарт бола алады деген сенім білдірді.

Ш. Уәлиханов білімділік пен ар-ұждан туралы түсінік болмай тұрып өнегелілік туралы сөз қозғау артық деп есептейді. Бұл қасиеттердің болмауы дегеніміз өнегелілік жоқ деген сөз. Яғни оның орнын өнегесіздік басады деген қорытындыға келеді ойшыл. Ол өнегелілік түсініктердің белгілі бір шегімен анықталады, ал тазалық дегеніміз адамның ішкі дүниесінің таза болуы деп түйіндейді. Білімділік пен ар-ұждан, нағыз өнегелілікті қамтамасыз ететін, адами құндылық. Ш. Уәлихановтай оқымысты, Ш. Уәлихановтай ақсүйек үшін білімділік пен ар-ұждан әрі биік адами құндылық болып саналады.

Қазақ ағартушысы еркіндік адамда жағымды өнегелілік қасиеттің дамуына ықпал етуге ең қажетті нәрсе дегенді баса айтты. Бірақ толыққанды өнегелілікке жетуге бір ғана еркіндік жеткіліксіз, себебі сол еркіндікті дұрыс пайдалана алу керек. Осы еркіндікті көзі ашық адам ғана пайдалана алады, надан адамның қолынан бұл келмейді. Мұнымен қоймай ойшыл надандық еркіндікті дұрыс пайдалануға кедергі жасап қана қоймайды, сонымен қатар адамдарды азғындауға итермелейді деп түйіндейді Ш. Уәлиханов.

Өзінің мәдениет туралы ой-толғауларында Ш. Уәлиханов өркениет дегеніміз тек қана материалдық мәдениет емес, ол – өркениетті адам деп түйеді. Сауатты, әрі бай елде тұрып жаңалық ашып жүрген адам, поэзияға, әдебиет пен ғылымға жақын адам. Ойшыл ілгері ұмтылушылық пен ағартушылық идеяларына қаныққан өнегелілік тәрбие мен білім ұлттың өзіндік даму болмысы болып табылады, ал мәдени жаңғыруға жасалған алғашқы қадам – бұл жаппай сауаттылық деген тоқтамға келеді. Ш. Уәлиханов халықтардың мәдени дамуына қажетті шарт олардың өзара бірігіп әрекет етуі мен жақындасуы деген идеяны ұсынды. Ол «Сот реформасы туралы жазбасында» былай дейді: «Біз еуропалық, жалпы адамзаттық сауаттылыққа үйренуге тиіспіз және осы мақсатқа жетуге кедергі келтірушілерге қарсы қажырлы күрес жүргізу – мәдениетке, дамуға мүмкіндігі бар барлық халықтар үшін түпкі мақсат болуы керек деп ойлаймыз» [3, 80 б.] дейді.

Ш. Уәлихановтың мәдениетке біртұтас әлеуметтік феномен ретінде қарауы, даму логикасы ойшылдың саяси-идеялық эволюциясына сәйкес келетін, біршама тиянақталған тұжырымдардан тұратынын айта кету жөн. Мәдениет мәселелері оның аса көпқырлы мұраларын іштей жақындастырып тұрған шиеленісті де, өткірі де болып табылады. Ш. Уәлихановта «мәдениет» ұғымының өзі, оның әр жақты әрі шын мәні, тек нақтылы кең мәтінде ғана айқындалады. Көбінесе, «білімділік», «сауаттылық» сөздері «мәдениет» сөзінің синонимі ретінде жұмсалады. Сол сияқты «мәдениет» тәрбиелілік, өнегелілік жай-күй, адам мен қоғам ізеттілігі ретінде түсіндіріледі. Жоғарыда айтылған мағыналарды жинастыра келе Ш. Уәлиханов «мәдениет» деп адамның іс-әрекеттерінің нәтижесін (рухани немесе материалдық, не екеуін де қоса), табиғи және құдай жаратқан әлемнен ерекшеленетін, адам өз қолынан тұрғызған әлемді түсінеді деп айтуға болады. Ол адамның шығармашылық күшін іске асырушы мәдениеттің ізгіліктік мәні туралы терең ой айтты.

Ш. Уәлихановтың Шығыс халықтарының өмірлерін терең зерттеу барысында олардың мәдени және мәдени-тарихи даму процестері туралы айтқандары, сол кезде пайда болған прогресшіл бағыттағы шығыстануға қосылған баға жетпес үлес болып табылады. Оның мәдениеттанулық тұғырнамалары (тұжырымдары) шығыстанудағы нәсіпшілдік, шовинистік және еуропаорталықтық теорияларға қарсы бағытталған. Оған «ғылыми еуроорталық» (Н.И. Конрадтың термині) [4, 24 б.] деп аталатын көзқараспен тура келді.

Қазақ ағартушысы қазақ халқының төл мәдениетін қорғауға бел шешіп кірісті және дәстүр мен жаңаның үйлесімді қосылуы нәтижесінде мәдениеттің интернационалдануы туралы терең прогресшіл идеялар айтты. Ш. Уәлиханов, шын мәнінде, этникалық тұйықтықтан шығуға және әлемдік мәдениетке қосылуға бағдарланған жаңа қазақ мәдениетінің бастамашысы болды. Бұл жерде ол өз халқын тіпті де орыстандырғысы келген жоқ, өз Отаны, Қазақ даласының, мәдени өрлеуі – көне ұлттық дәстүрлердің жалпыеуропалық мәдениет элементтерімен үндесе қосылуы, әлемдік өркениетті елдердегі жағымды нәтижелерді сіңіруі деп түсінді. Оның айтуынша, барлық жаңалықтар дәстүрді ескере отырып, енгізілуі керек. Жаңа өміршен

мазмұн ала отырып, мәдениет өзінің ұлттық төл тумалылығын сақтауы керек және де соны ұрпақтан ұрпаққа жеткізе білу.

Қазақ жерінде қалыптасқан кісілік құндылықтардың рухани мәдениетінің ахаулы қазақ дүниетанымында айырықша орын тапты. «Адам болар баланың кісімен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар» [5, 94 б.] деп, халық кісілік – мәдениеттілікті көрсететінін, кісілікті нағыз кісіден үйрену керек екендігін айта отырып, адам бойындағы кісілік қасиеттердің қалыптасуына тәрбиенің маңызы зор десек қателеспеспіз. Тәрбиенің ең өнегелісі – үлгілі болу дегендей, қазақ мәдениетіндегі ойшылдардың шығармаларындағы ғибратты ілімді, тіршілік ортасы қоғамның ықпалымен ластанбаған іңкәр сезімді, жас қазақстандықтардың көкірегіне жеткізу. Адам баласы ежелден-ақ бақытты өмірді, бейбіт тіршілікті, берекелі тұрмысты аңсап-армандап, іздеген. Осы арман-мақсаттары, адамгершілік құндылықтары, эстетикалық тәрбиесі, дәстүрлі қазақ мәдениетінде ұрпақтан-ұрпаққағасырларбойы халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында марапатталып, сіңіріліп, іске асырылып келеді. Әлемдік мәдениеттің үздіксіз дамуының бір себепшісі болған қазақ даласындағы адамгершілік қасиеттердің бірі – кісілік құндылықтардың ұлттық мәдениетте алар орны ерекше. Жас ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін, оларға игі іс-әрекеттерді үйрету, елін сүйген ерлердің кісілік, адамгершілік іс-әрекеттерін үлгі тұтуы сөзсіз. Бұл кісілік құндылықтар ұлттық мәдениетті бағалауға үйретеді. Ал кісілік қасиеттер – әдет-ғұрпы, мәдениеті, тілді, рухани байлықты, ұлттық мәдениетті бағалау болып саналады.

Құндылықтар мәселесімен айналысқан шетелдік ғалымдардың арасында негізінен батыстық және ресейлік зерттеушілердің қазақ мәдениетіндегі құндылықтарға берер көзқарастары басым болып келеді. Кісілік құндылықтар негізінен қазақ даласында түркілік дүниетанымнан бастау алып, дәстүрлі қазақ дүниетанымымен ары қарай жалғасын тауып жатқан тарихи-мәдени өзгерістер заманындағы

қазақи кісілік қасиеттердің дәстүрі мен жаңашылдығын анықтап, тоталитарлық кезеңдегі шырмаудан шығып қазіргі Қазақстан Республикасындағы кісілік құндылықтарды жетілдіріп, болашақ жас ұрпаққа осы бір ата-дәстүрдің салтын жалғастыра беруге міндетті. Қазіргі еліміздің дамуының өзгеше ерекшеліктерінің бірі, оның болашаққа ұмтылысы болып табылады.

Жалпы адамзаттық құндылық болып саналатын сүйіспеншілік, қайырымдылық, еркіндік, имандылық, ар-намыс, ар-ождан, ерлік, инабаттылық сияқты кісілік қасиеттерді тұлғаның адамгершілік өлшемі деп санасак, кісі бойына қуат берер осынау ізгі қасиеттерге баулу да қазақ ағартушыларының шығармашылығынан аларымыз өте көп.

Қорыта келе, ағартушылықтың пайда болуы қазақ қоғамының дамуы барысында қалыптасқан, ұзаққа созылған дағдарыстан шығу жолын қарастырудың аса қажеттілігі нәтижесінде туған заңды құбылыс екенін ескеру қажет. Қазақ ағартушыларының философиялық ойтолғауларындағы кісілік құндылыққа шолу жасау барысында көп ауыртпалық пен қиындықты басынан кешірген, бірақ бұл қиындықтарға мойымаған қазақ халқының даналығына тағы бір рет көзіміз жетті. Ізгі өнегелерін сақтаған халық мәңгі жасайды, ал өнегелілігін жоғалтқан халық құриды деген анық, әрі дана пікірді мойындаймыз.

### Әдебиеттер

- 1 Қазақ. Мақалалар жинағы. – Алматы: Білім, 1994. – 378 б.
- 2 Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Собр. соч.: в 5 т. – Алма-Ата: Казэнциклопедия, 1985. – Т.2. – С. 416
- 3 Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Собр. соч.: в 5 т. – Алматы, 1984. – Т.4. – С. 416.
- 4 Конрад Н.И. Запад и Восток. – М., 1972. – 244 с.
- 5 Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы: Ұлттық идея кең мәтінінде. – Алматы: Раритет, 2009. – 285 б.